

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

13.11.2017 ж. № 33-9-04/2346

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
А.М. Жамаловқа**

28.10.2017ж. № ДЗ-258 депутаттық сауалға

Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі зейнетақы жүйесінің проблемаларына назар аударғаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреді. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (бұдан әрі – БЖЗҚ) төленетін зейнетақы төлемдерінің кезеңділігі және зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру сияқты өзекті мәселелерді Сіз уақтылы көтеріп отырсыз деп есептейміз.

БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің кезеңділігі мәселесі бойынша
Мемлекет басшысы өзінің 2013 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік органдарға зейнетақы жүйесінің тиімділігін және қаржылық тұрақтылығын арттыруды тапсырды. Осы мақсатта БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін кесте бойынша ғана (ай сайын) не зейнетақы аннуитетін иелену арқылы жүзеге асыруды қоса алғанда жинақтаушы зейнетақы жүйесінің параметрлерін жетілдіру көзделетін Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 841 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) әзірленген болатын.

Осы Тұжырымдаманы іске асыру үшін зейнетақы төлемдерінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысына тиісті өзгерістер енгізілді.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында зейнетақы нысаналы мақсаты зейнеткерлерге жұмыс істеуге қабілетсіз жаста тұрақты кірістің барабар мөлшерін қамтамасыз ету болып табылатын түрлі төлем көздерінен, атап айтқанда, мемлекеттік бюджет қаражаттарының (ортақ зейнетақы) және салымшының өзінің ақшаларының (жинақтаушы компонент, БЖЗҚ-дан төленетін төлемдер) есебінен төленетін төлемдердің жиынтығы ретінде айқындалған.

Қазіргі уақытта зейнеткерлер БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін дербес белгіленген кесте бойынша: ай сайын, тоқсан сайын немесе жыл сайын алуға құқылы. Зейнеткерлердің көпшілігі БЖЗҚ-дан төлемдерді жылына бір рет алады, тиісінше алушылар БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерін зейнетақы ретінде емес, жинақталған сома ретінде қабылдайды да, оны алуға бір рет өтініш жасайды.

Алайда айта кету керек, қазіргі кезде ортақ зейнетақы толық көлемде тағайындалмайтынын ескеру қажет, өйткені ортақ зейнетақыны толық көлемде тағайындау үшін ерлер мен әйелдердің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін талап етілетін еңбек өтілі жыл сайын бірте-бірте азайып барады. Осыған байланысты ортақ зейнетақы бірте-бірте жинақтаушы құраммен алмастырылады, оның үлес салмағы әр жылы осындай құраушы есебінен төлемдердің мөлшері сияқты ұлғайып отырады.

Өз кезегінде, алыс жерлерде тұратын зейнеткерлердің ай сайынғы зейнетақы төлемдерін алудың қолайсыздығы туралы мәселені халықты банктік қызметпен қамту бөлігінде қарауды ұсынамыз. Атап айтқанда, заң бойынша БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері алушының банк шотына аудару жолымен жүргізіледі. Олай болса, зейнетақы төлемдерін алушылардың зейнетақы төлемдерін олардың түсуіне қарай банк шотына есепке жазылған зейнетақы төлемдерін алу не түскен зейнетақы төлемдерін банк шотында белгілі бір кезең ішінде (ай, тоқсан, жыл) жинау және оларды біржолғы алу таңдауы болады.

Тиісінше, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін төлеуді ай сайынғы негізге көшіру зейнеткерлердің өз жинақтарын өзінің қалауынша, төлемдердің мерзімділігіне байланысты емес жұмсау құқығын шектемейді.

Зейнетақы активтерін басқару стратегиясын айқындау мәселесі бойынша

Занда зейнетақы активтеріне қатысты басқарушылық шешімдер қабылдаудың көпдеңгейлі жүйесі көзделген. Зейнетақы активтерін басқару стратегиясын айқындауды Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) жүзеге асырады. Кеңестің ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі зейнетақы активтері есебінен сатып алу рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекітеді.

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін Кеңеспен айқындалған инвестициялаудың стратегиялық бағыттары шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қаржы құралдарының тізбесіне ғана инвестициялайды. Осылайша, зейнетақы активтерін басқарудың инвестициялық стратегиясын айқындау алқалы түрде жүзеге асырылады, бұл процесс жұртшылық үшін айқын және ашық болып табылады.

Уақытша бос ақша қалдықтарын ақша нарығының сенімділігі жоғары қысқа мерзімді құралдарына инвестициялау стандартты инвестициялық практика болып табылады және инвестициялық портфельдің жалпы кірістілігін қолдауға бағытталған. Ұлттық банктің ноттары – бұл басқа қаржы құралдары, оның ішінде банктік салымдар бойынша ең жоғары кірістілік тәуекелдер үшін

сыйақыны қамтитын болғанда, жылдық 9,1% орташа кірістілігі бар қысқа мерзімді тәуекелсіз бағалы қағаздар. Орта есеппен Ұлттық Банктің апталық ноттарын сатып алу бойынша бір мәмілеге шамамен 50 млрд. теңге болады. 2017 жылғы қыркүйектің соңында зейнетақы активтерінің портфелінде Ұлттық Банк ноттарының көлемі 552,4 млрд. теңгені құрайды.

Қазақстанның мемлекеттік бағалы қағаздарын (бұдан әрі – ҚР МБҚ) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне қосу қаржылық тұрақтылықты және зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, ең төменгі тәуекелі бар нақты кірістілікті алуға мүмкіндік жасайды. ҚР МБҚ-ға зейнетақы активтері инвестицияларының ағымдағы көлемі белгіленген инвестициялау лимиттері шеңберінде (зейнетақы активтерінің 20%-нан 70%-на дейін) болады және тәуекел мен кірістілік параметрлеріне сәйкес келеді. ҚР МБҚ зейнетақы активтерінің портфеліне 2017 жылы сатып алынған орташа мөлшерленген кірістілік жылдық 9,2%-ды құрайды, бұл 2017 жылғы қыркүйекте 7,1%-ды құраған жылдық инфляцияның ағымдағы деңгейінен асып түседі.

2016 жылдан бастап 2017 жылғы 31 қазан аралығында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліндегі банк секторының үлесі 33,9%-дан 21,9%-ға дейін төмендеді. Төмендеу банктердің өз міндеттемелерін жоспарлы түрде өтеу есебінен болды. Бүгінде «Delta Bank» АҚ және «Казинвестбанк» АҚ қаржы құралдарына зейнетақы активтерін инвестициялау жоқ. «Delta Bank» АҚ жалпы сомасы 45,2 млрд. теңгеге өзінің қаржы құралдарын толық өтеді және мерзімінен бұрын сатып алды, ал «Казинвестбанк» АҚ-дағы толық көлемде 3,2 млрд. теңге сомадағы депозиттер «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ға берілді.

Қазақстанның квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шартты облигацияларын сатып алу Кеңес мақұлдаған 2016-2017 жылдарға арналған инвестициялау бағыттарының бірі болып табылады. Зейнетақы активтерін инвестициялау нарық талаптарында жүзеге асырылады. Зейнетақы активтерін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің облигацияларына инвестициялау көлемі 2016 жылы орташа алынған жылдық 15,1% кірістілікпен 378,4 млрд. теңгені, 2017 жылы – орташа алынған жылдық 10,95% кірістілікпен 68,8 млрд. теңгені құрады. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ және жоғары рейтингілі басқа да компаниялар эмитенттер ретінде болды.

Ұлттық Банк 2016 жылдан бастап Кеңестің ұсынымдарына сәйкес зейнетақы активтерінің валюталық бөлігін ұлғайтады. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2017 жылдың 31 қазанына дейін зейнетақы активтерінің валюталық бөлігі 17%-дан 28,3%-ға дейін өсті, бұл портфельді әртараптандыруды қамтамасыз етеді, инвестициялар географиясын және қаржы құралдарының спектрін кеңейтеді. Жаңа шетелдік нарықтарға шығу инвестициялық портфельдің сапасын жақсартуға және оның өтімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл да теңге әлсіреген кезеңде салымшылардың зейнетақы жинақтарын қорғауға ықпал етеді.

Зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясы ұзақ мерзімді перспективада нақты кіріс алуға бағытталған, бұл жекелеген уақыт аралығында кері нақты кірістілік алуды жоққа шығармайды. Мысалы, 2016 жылы зейнетақы активтерінің кірістілігі 7,95%-ды құрады, бұл кезеңде инфляция 8,5% мөлшерінде болды, ал зейнетақы активтерін шоғырландыру аяқталған 2014 жылдан бастап 2017 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің кірістілігі жинақталған инфляция көрсетілген кезеңде 37,9% мөлшерде болғанда 41,6%-ды құрады.

Жалпы алғанда, зейнетақы активтерін инвестициялау саясаты консервативті болып табылады, инвестициялық портфельді қалыптастыру кезінде қаржы құралдарының сапасына және азаматтардың зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етуге басты назар аударылады. Сонымен қатар, заң бойынша мемлекет салымшының зейнетақы төлемдеріне құқық алған кезіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, салымшыларға БЖЗҚ-ға нақты енгізілген зейнетақы жарналарының міндетті түрлерінің сақталуына кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін жеке басқаруға беру мәселесі бойынша

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Ұлттық Банк зейнетақы активтерін жеке басқарушы компанияларға беру бойынша ұсыныстар дайындады. 2016 және 2017 жылдары бұл ұсыныстар Экономикалық саясат кеңесінің отырыстарында бірнеше рет қаралды және қазіргі уақытта «Қазақстанның қаржы ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ алаңында бизнес-қоғамдастықпен талқылануда. Мәселелерді мұқият пысықтау және қажетті актуарлық есептеулерді жүргізу үшін осы тапсырманың орындалу мерзімі – 2018 жылдың соңына дейін болып айқындалды.

Зейнетақы активтерін ішкі нарықтағы жеке басқарушы компаниялардың басқаруына беру рәсімдерін анықтаумен қатар, қазіргі уақытта зейнетақы активтерін Қазақстанның Ұлттық қорының активтерін және Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін жұмыс істеп тұрған сыртқы басқарушы болып табылатын, жаһандық акциялар мен облигациялардың мандаттары бойынша шетелдік басқарушы компаниялардың сыртқы басқаруына беру, сондай-ақ «Жаһандық белсенді акциялар» мандаты бойынша жаңа сыртқы басқарушыларды таңдау жұмыстары жүргізілуде. Зейнетақы активтерін сыртқы басқаруға беруді ағымдағы жылдың соңына дейін бастау жоспарлануда.

Төраға

Д. Ақышев

Орынд.: Кирмандаев Ж.Ж., тел.: 2788104 (5531).